

## **ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ: МАҢЫЗЫ МЕН ТИІМДІЛІГІ**

**Искакова К.И.**

А.Н.Гумилев ат. ЕҰУ тарих факультеті,  
Қазақстан тарих кафедрасының профессоры

Елімізде коронавирус індетінің таралуына байланысты төтенше жағдай енгізіліп, оқу үрдісі қашықтықтан оқытуға көшірілді. Қашықтықтан оқыту – білім алушы мен оқытушылардың жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту. Қашықтан оқытуды ұйымдастыру үшін елімізде көршілес елдердің тәжірибесі, халықаралық тәжірибе зерделенді.

Әлемдік тәжірибеде қашықтан оқыту ұйымдастырудың үш түрлі формасы бар: онлайн («online»)- синхрондық, оффлайн («offline») – асинхрондық, және кең таралған үшінші түрі вебинар. Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта оқытушы экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы. Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен білім алушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы. Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы.

Еліміздің тәжірибесінде негізінен оқытудың «Online» режимі қолданылады. Аталған тәжірибесі нақты уақыт режимінде оқудың өзара іс-әрекет ету үдерісін қарастырады (бейнеконференция, интернет желісімен хабар алмасу, телефон аппараты арқылы келіссөздер). «Online» режиміндегі оқу сабақтары оқытушы мен білім алушы арасындағы асинхронды тілдесудің (электрондық пошта, кейіннен қорытынды бақылау тапсырумен оқытушының тапсырмасы бойынша білім алушының оқулықпен жұмысы) оқу іс-әрекеті процесін қарастырады. Оқытудың осы формасына университеттегі Платонус жүйесі сай келеді. Оқытушылар ZOOM, TMS платформасымен видеосабак жасауды үйреніп, білім алушыларға сабақтарды түсіндіріп, Whatsapp желісі арқылы жіберді. Сонымен қатар білім алушылар үнемі кері байланыс жасап отырды.

Қашықтықтан оқыту үрдісі университетте жақсы жолға қойылған. Университетте бұрыннан ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдану бойынша методикалық конференциялар, педагогикалық білім, тәжірибе алмасу шаралары кеңінен өткізіліп тұрды. Осындай шараларға факультеттің ПОҚ белсенді қатысты. Оның үстіне, техника – технологиялық білімдерімізді тереңдетуге университетте ұйымдастырылған «Қашықтан оқыту жағдайындағы кәзіргі білім берудің цифрлық машықтары» атты біліктілікті жетілдіру курстары үлкен көмек көрсетті.

Оқытушылардың өз тәжірибесі мен біліктілікті жетілдіру курстары арқылы алған білімдері қашықтықтан оқыту технологиясының артықшылықтарын атап өтуге мүмкіндік береді:

1. Кез-келген уақытта білім алу мүмкіндігі. Қашықтан оқытылатын студент, семестр төңірегінде материалды меңгеруге қашан және қай уақытта кірісетінін өздігінше шеше алады. Өзіне жеке оқу кестесін құрастырады. Кейбір білім беру мекемелері студенттерге оқуын ұзақ уақытқа кейінге қалдыруға және қайтадан білім алуына ақы төлеусіз оралу мүмкіндігін береді.

2. Өз қалауыңыз бойынша білім алу мүмкіндігі. Білім алушыларға қатарластарымнан артта қаламын деп қобалжудың қажеті жоқ. Ол әрқашан күрделі мәселелерді зерттеуге қайта орала алады, бірнеше рет видео дәрістерді көре алады, оқытушымен хат алмасып және оны қайта оқи алады, өзіне белгілі тақырыптарды өткізіп жібере алады. Ең бастысы - аралық және қорытынды аттестациядан сәтті өту.

3. Кез-келген жерде білім алу мүмкіндігі. Студенттер мен магистранттар үйден немесе кеңседен шықпай-ақ, әлемнің кез-келген жерінде оқи алады. Оқытуды бастау үшін, әрине, Интернетке қосылған компьютер болуы керек. Күн сайын оқу ордасына бару қажеттілігінің болмауы, белгілі бір қосымша болып табылады.

Сонымен бірге, ескеруге тұрарлық деп келесіге көңіл аударсақ, ЖОО-лардың педагогикалық тәжірибесінде танымал оқыту түрлері қалыптасқан. Олардың ішіндегі ең кең

тарағандары: дәрістер, семинарлар, зертханалық жұмыстар, бақылау жұмыстары, емтихандарды қашықтан оқыту кезіндегі артықшылықтарына тоқталсақ:

– дәрістер, дәстүрлі дәрісханалықтан айырмашылығы, оқытушымен бетпе-бет қатынасуды болғызбайды. Дегенмен, бірнеше артықшылық жақтары да бар. Дәрістерді жазу үшін аудио және бейне-кассеталар, CD-ROM дискілерді және т.б. қолданады. Жаңа ақпараттық технологияларды (гипермәтін, мультимедиа, ГИС-технологиясын және т.б.) қолдану дәрістерді көрнекі және мазмұнды түрде береді. Мұндай дәрістерді кез келген уақытта, кез келген қашықтықта оқуға болады.

– семинарлар оқу сабақтарының белсенді түрі болып табылады. Қашықтан оқыту семинарлары бейнеконференциялардың көмегімен жүргізіледі. Олар пікірталасқа оның дамуының кез келген жерінде кіруіне мүмкіндік береді және бұдан бұрынғы айтылған сөздерді оқып, бірнеше қадам артқа қайта оралады. Оқытушы материалдың меңгерілуін пікірталасқа қатысушының белсенділік дәрежесі бойынша бағалай алады. Студенттер мен магистранттардың арасында өзара іс-әрекет ету саны артады, ал оқытушы тең құқылы әріптес ретінде көрінеді.

– кеңестер пәнді өз бетімен оқып үйренуде білім алушыларға жетекшілік жұмысын жасау және оларға көмек көрсету түрлерінің бірі болып табылады. Телефон және электронды пошта, сонымен бірге телеконференциялар қолданылады.

– зертханалық жұмыстар материалды тәжірибелік меңгерілуі үшін беріледі. Дәстүрлі білім беру жүйесінде зертханалық жұмыстар мынаны талап етеді: арнаулы жабдықтарды, макеттер, имитаторлар (бірдемені мүмкіндігінше дәл қайталайтын аспап), тренажерлар, химиялық реактивтер және т.б. ҚО жүйесінің келешекте мультимедиялық технологиялар, ГИС-технологиялар, имитациялық үлгілеулер және т.б. қолдану есебінен зертханалық практикумдарды жүргізу міндеттерін қысқартуға маңызды мүмкіндігі болады. Білім алушыларға қарапайым жағдайда көрсетуге өте күрделі немесе мүлде мүмкін емес құбылыстарды виртуалды шындық көрсететін мүмкіндігі бар.

- бақылау – бұл білім алушының оқу материалын теориялық және практикалық меңгеруі нәтижелерін тексеру. ҚО өзін дәлелдете білді және тестік бақылаудың лайықтылығын құптайды. Тест ережесі, пән бойынша кеңейтілген сұрақтар тізімін қамтиды, олардың әрбіреуіне бірнеше жауаптар нұсқасы ұсынылады. Студент пен магистрант осы нұсқалардан дұрыс жауапты таңдауы керек.

Қашықтан оқыту жағдайында көңіл аударатын тағы бір мәселе бар сияқты. Бүгінгі күні білім беру жүйесінде, біздің ойымызша, негізгі мәселелер мынадай: «Үйрену мен үйрету тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады» және «Тек әрекеттесу арқылы үйренуге/үйретуге болады». Қазіргі күні әрекетті педагогика ең танымал оқу жүйесіне айналған, яғни оқу процесін интербелсенді әдістемелер құрауы керек; әрбір оқытушы әр сабақта интербелсенді әдістер, құралдар мен тәсілдерді қолдануы қажет.

Интербелсенді оқу/оқыту бірінші мезетте білім игеру процесінде қатысушылардың тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «интерактив» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «inter» дегеніміз «өзара» мағынасында, ал «act» - «әрекет жасау» дегенді білдіреді. Басқаша сөзбен айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен тығыз қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, Интербелсенді оқу/оқыту білім игеру процесін келесідей ұйымдастыруға ынталы:

1. Барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау;

2. Әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасау.

Интербелсенді оқу/оқыту бірлесе үйрену идеяларын ұстанады. Бірлесе үйренуде әрбір үйренуші танымның (оқу, үйренудің) мазмұны мен қорытынды нәтижесіне өз үлесін қосып, басқалармен өзінің білгенімен, идеяларымен түсінігімен алмасады, жоғары нәтижеге қалай жете алатындығын анықтайды. Мұндай қарым-қатынастағы бірлескен әрекеттер бірін-бірі жақтыру, өзара сыйласымдық пен қолдау атмосферасында өтіп, жаңа білім игеруге жағдай жасайды.

Интербелсенді оқу/оқыту көптеген жұмыс түрлері мен әрекеттері арқылы жүзеге асырылады, мәселен: бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның), жеке және бірлескен ізденіс пен зерттеу жұмыстары, ситуативтік және рөлдік ойындар, ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұрағат, басқа адамдар: оқушылар, оқытушылар, мамандар, т.б.) шығармашылық жұмыстар, т.б.

Мысал ретінде, осындай интербелсенді әдістерге: «Джигсо», «Тыңдап отырған үштік», «Өкіл», «Мыйға шабул», «Ақылдың алты қақпағы», «Тв шоу» келтіруге болады.

«Джигсо» әдісінің артықшылығы - топта жұмыс істеуге арналған құрылым ұсынып, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететіндігі. Оқытушы топты топшаларға бөліп, материалдың күрделілігіне байланысты тапсырмалар береді. Егер топ төрт адамнан тұратын болса, басты тапсырманың ішінде топтың әр мүшесіне бір сұрақтан төрт сұрақ немесе тапсырма болады. Нақты бір сұрақты немесе тапсырманы таңдаған топша Сарапшы топ деп аталып, ортақ проблеманың шешімін табу үшін бірлесе жұмыс істейді. Тапсырманы орындаудың бұл кезеңінің соңына қарай оқушы өзге «сарапшылармен» өзара қарым-қатынас жасап, мәселені талқылаудың арқасында өз сұрағы бойынша сарапшы болып қалыптасады. Қатысушылар бастапқы топқа оралады. Бұл тапсырманың көздегені: тапсырманы сәтті аяқтау үшін білім алушылар әрқайсысының сарапшы топтан алған мәліметтерін ескеріп, бастапқы топтың бірлескен ақылына сүйенуін қамтамасыз ету.

Ұлы ойшы Уильям Уорд « Жай мұғалім – хабарлайды. Жақсы мұғалім – түсіндіреді. Керемет мұғалім – көрсетеді. Ұлы мұғалім – шабыттандырады», ал қазақтар: «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы», – деген екен. Жақсы ұстаз болу үшін қашықтан оқыту технологиясында оқытудың инновациялық тәсілдерін де ескеру қажет деп ойлаймыз.

Американдық ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, қашықтықтан оқыту нәтижелері дәстүрлі білім беру нәтижелерінен кем түспейді, тіпті, одан да жоғары. Қашықтықтан білім алушы оқу материалдарының көпшілігін өз бетінше оқиды. Бұл тақырыптарды есте сақтау мен түсінуді жақсартады. Ал білімді практикада, жұмыста бірден қолдана білу олардың білімдерін бекітеді. Сонымен қатар, оқу үрдісінде жаңа технологияларды қолдану оны қызықты ете түседі.

Қашықтан білім беру – жаңа ақпараттық технологиялар мен мультимедиялық жүйелер үйлестірілген ерекше, жетілген түрі. Қазіргі замандағы телекоммуникациялық және электронды басылымдар дәстүрлі оқыту түрінің барлық құндылықтарын сақтай отырып, кемшіліктерін жеңіп шығуға мүмкіндік береді.

Қашықтықтықтан оқыту технологиясы – білім алушыларды дайындау мен олардың біліктілігін әрі қарай тереңдете арттыру бағытындағы осы заманның ең әсерлі де тиімді жүйесі болып табылады және болашақта алатын орны орасан екені даусыз деген сенімдеміз.

**Әдебиеттер:**

1. Намазова Ш.Использование инновационных технологий в преподавании социально-гуманитарных дисциплин // Учитель Узбекистана. – 25 февраля 2015.